

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

қалаларында айқын байқалады. Таяу Шығыс қалаларының дамуы Шығыс пен Батыстың айырмашылығын көрсетеді.

Қоғамдық өмірге жаңа өзгерістер келе бастайды, ол қалалардың ерекше үрдіспен дамуымен келген жаңашылдық, уақытты үнемді пайдалануға себеп болды. Осы құбылыстың нәтижесінде адам баласы көңіл күйін көтеруге барлық ынта жігерін салағандықтан наурыз мейрам ретінде қалыптасты.

Ежелден келе жатқан бес мың жыл тарихы бар мейрам бүкіл әлемге ортақ сабақтастығы бар, егерде әлемдік деңгейде тойланатын болса бұл мейрам толықтай зерттеліп, қажетті құндылықтар табылып елдің өркениетін жоғарлататынын Орта Азия мемлекеттерінің жаңа қырынан зерттелуіне елеулі мүмкіндік тудыратыны анық.

Наурыз мейрам ретінде ежелден тойланып келе жатқан, өз ерекшелігі бар, қалыптасқан тарихы арқылы қазақ дәстүрімен салтына мол мұра мен ынтымақ беретін мейрам.

Қазіргі тәуелсіз заманда қай мемлекет болмасын өзінің рухани ерекшеліктерін дамытуға дәстүрін салтын жаңғыртуда жаңа бастамаларға жол салуда, қазақ халқыда осы мәселеге елеулі нәтиже көрсетіп жатыр, наурыз мейрамы дәстүрді жаңғыртатын мейрамдардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – 1 том. – Павлодар: Эко, 2003ж.
2. Кирабаев Н.С. О философских основаниях мусульманской культуры.// Сборник к 60 - летию профессора К.А. Сергеева. – Серия Мыслители., выпуск 12. – СПб.: Санкт-Петербургское философское общество, 2002 г.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – 5 том. – Павлодар: Эко, 2005 ж.
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – 8 том. – Павлодар: Эко, 2006 ж.
5. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы., Шығармалары. – 11 том. – Павлодар: Эко, 2007 ж.
6. Өмірзақов Токтасын Міштайұлы. Ұлыс күні кітабы. – Астана, 2001 ж.
7. Мұхтар Қазбеков. Наурыз жаңғырған салт дәстүрлер. – Алматы, 1991 ж.
8. Сафар Абдулла. Магия Навруза. – Алмата, 2007 ж.
9. Серік Ерғали. Нау мен ырыс пайымдама. – Алматы, 2001ж.

УДК 02.15.61

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Оразбаева Д.Е

orazbaevadana@mail.ru

Астана қ., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Өзінің өткен тарихындағы шынайы рухани мәдениетін сақтаған, оларды ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырған халықтың өркениетті ел ретінде болашағы жарқын. Таң атпайын десе күн қоймайды - дейді халық даналығы. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев орасан еңбегі мен аса биік беделінің арқасында қазір Қазақстанды бүкіл әлем танылды. Әсіресе, саясат пен экономика жағынан жеткен табысымыз көптеген мемлекеттерді таң қалдыру, Ал рухани-мәдени тұрғыдан біздің елді дәл осы дәрежеде әлем тани қойды ма? Шынын айту керек, тани қояды деп айту қиын. Президент, міне, бұл салада да бастамашы болып, өзінің Жолдауында мәдени-тарихи мұраны сақтауға, оны зерттеуге айрықша мән береді. Жолдауының үлкен бір бөлімін осы мәселеге арнап, мәдени мұраны қоғамыңыздың тұрақты дамуы жолында пайдаланудың стратегиялық бағдарламасын жасады. Мемлекет басшысының өзі мәдени-мұраға мұншалықты көңіл бөліп, оған қамқорлық көрсетуі – арғы-бергі тарихта болып көрмеген. Осының өзі мәдени мұра мемлекетімізбен халқымыз үшін

маңызды екенін айғақтайды. Президенттің жолдауына сәйкес М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты бірнеше жоба ұсынды солардың ішіндегі ең бастылары: 100 томнан тұратын «балалар сөзі» атты Жүздеген фольклорлық шығармаларды қамтитын серия. Бұған Қытай мен Монғолияда тұратын қазақтардың фольклоры да енеді. [1,22 б]

Яғни, аталған жоба бойынша бүгінгі таңда «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында ұлттық фольклорымыздың басым көпшілігі біртұтас серия түрінде «Балалар сөзі» деген атаумен 100 том көлемінде жарыққа шығып отыр. Мәселен, батырлық жырдың өзі – 20 том, тарихи жыр – 13 том, діни дастандар – 7 том, хикаялық дастандар – 13 том, ғашықтық дастандар – 8 том, ертегілер – 5 том болып шықты. Бұлар – ірі жанрлар. Шағын жанрлар 1-3 томнан тұрады. Бұл дегеніміз рухани мәдениетіміздің жаңғыруына таптырмас мұра. Біздің ойымызша «Балалар сөзінің өсіп келе жатқан жас ұрпаққа берері мол.

Мәдени мұраның түрлері көп. Солардың ішінде рухани мұра айрықша көңіл бөлуді қажет етеді. Өйткені бұл мұра бізге, негізінен, ауызша формада, қолжазба күйінде және кітап түрінде жеткен. Олардың сақталу – өте қиын әрі күрделі іс. Ел аузында айтылып, бірден-бірге ауысып жүретін шежіре, аңыз, жыр, өлең, терме, мақал-мәтел, дүниелер көне көз қариялармен бірге өмірден көшіп, жоққа кетіп барады. Ал қолжазбалар ескіріп, тозып жатыр. Сондықтан ең зәру, кезек күттірмейтін мәселе – жоғарыда аталған мұра түрлерін тездетіп жинау мен тиісті жағдайда сақтау. Бізге бабаларымыздан жеткен мұраны аман-есен келер ұрпаққа аманат етіп беру – тарих пен халық алдындағы басты парыз. [2, 50 б]

Екінші мәселе, рухани мұраны қайта тану, жаңаша игеру. Тану дегеніміз – екі процесстен тұрады. Бірі – мұраны сақтап қана қоймай, халықтың арасына тарату, яғни халық мүлкін халықтың өзіне қайтару. Оны жүзеге асырудың жолдары – жиналып, сақталып жатқан мәтіндерді кітап етіп жарыққа шығару ежелгі ән мен күйді, биді, қолөнерді жас буынға үйрету. Рухани мұраны танудағы екінші процесс – оны ғылыми түрде зерттеу. Сөйтіп, халыққа мұра болып жеткен рухани мәдениетіміздің мағынасын, мәнін, маңызын ашып беру, рухани мұраның ел өмірі мен тарихында атқарған рөлін, бүгінгі болмыстағы қызметін көрсету.

Сондай-ақ, біздің мұрамыз – күллі адамзат мәдениетінің ажырамас бір бөлігі екенін дәлелдеу. Ол үшін фольклор мен әдебиеттің классикалық шығармаларын әлемдік тілдерге аудару қажет, сөйтіп, біздің рухани мұрамызды басқа елдерге танытуға болады.

Үшінші мәселе, мәдени мұрамызды бүгінгі рухани өміріміздің игілігіне жарату, яғни мұраны қазіргі мәдениеттің қайнар көзі екенін ескере отырып, оны шығармашылық жолмен пайдалану. Бұл – бүгінгі жаһандану жағдайында ерекше маңызға ие болып тұрған проблема. Осы тұста мына мәселеге көңіл аудартқым келеді.

Жаһандану – бүгін ғана пайда болған құбылыс емес. Жаһандану – Америка мемлекеті ойлап шығарған нәрсе де емес. Жаһандану – ерте замандарда басталған үрдіс. Сонау антика дәуіріндегі Греция мен Персияның, Египет пен Рим империясының уақытындағы мемлекеттер мен халықтардың кейде соғысып, кейде бейбіт өмір сүріп, бір-бірімен қарым-қатынаста болғаны, соның нәтижесінде біріне-бірі әсер етіп, бірінен-бірі үйренгені белгілі. Сондай-ақ христиан мен буддизмнің, исламның дүние жүзіне тарауы – көп халықтардың жаһандану процесінде болғанын дәлелдейді. Демек, қай заманда да жаһандану жүріп жатқан.

Қазақ халқы да жаһандану процесіне ерте түскен. Ежелгі және орта ғасырларды айтпай-ақ, кеше өткен XX ғасырды еске алайықшы. Қазақтар өзінің үйреншікті көшпелі өмір салтымен қоштасып, отырықшылыққа үйренді, өндірістік технологияны меңгерді. Сол сияқты рухани салада да өзгерістер болды: театр, опера, балет, симфония, кино, теледидар, радио-осының бәрі жаһанданудың нағыз өзі. Демек, Жаһанданудан қашып құтылу мүмкін емес. Қазіргі біртұтас ақпараттық әлем кеңістігінде-бұл өте қиын іс. [3,64 б]

Басты мәселе – жаһанданудың ұлттық рухқа зардабын тигізбеуінде. Ол үшін не істеу керек? Біздің ойымызша, мәдени мұрамыздың қазіргі өмірге, бүгінгі қоғамға жұмыс істеуі қажет. Рухани саладағы жаһандану екі жақты жүріп жатқаны мәлім. Бір жағынан – әлем мәдениетінің классикалық туындылары тарап жатса, екінші жағынан «көше мәдениетінің»

азғын үлгілері насихатталуда. Соңғысының әсерін азайту мақсатында рухани мұраны пайдаланып, мәдениет нарқына, яғни мәдени бәсекеге, таласқа түсу керек.

Рухани мұрамызды музей экспонаты құсатып сақтап қана қою жеткіліксіз. Оны бүгінгі өмірдің талабына, ең әуелі жастардың талғамына сай етіп жаңғырту, жаңарту қажет. Әр дәуір, әр ұрпақ өз талап-талғамына сәйкес мәдениетті қажет етеді және сондай мәдениетті жасайды. Ендеше біз бүгінгі жастарға тек бұрынғы дүниені ғана орында және тек сол дәстүрде, сол қалпында орында деп талап қоймауымыз керек.

Жастарға – мәдени мұраны жақсы біл, меңгер және оны өз дәуіріне сай етіп пайдалана біл, жетілдір, алға дамыт деп талап қойған жөн сияқты. Егер жас буын мәдени мұрамызды жетік білсе, оны игерсе және мұраны сақтаумен бірге оны шығармашылықпен пайдаланып, жаңа ұлттық мәдениет жасаса, қазақ халқының рухы да, мәдениеті де зиянды жаһандандудың шылауында кетпесі анық.[2, 64 б]

Ұлттық идеяны ақыл-ой таразысына салып қарайтын болсақ, халықтың басым бөлігі қабылдаған ұлттық құндылықтар жүйесі деп түсінеміз. Ұлттық идея Қазақстанда жүріп жатқан мәдени мұраларды жаңғырту үрдісі мен әлемдік өркениет ықпалымен туындаған жаһандану үдерісінің арақатынасында қарастырылуы тиіс. Қазіргі кезде ойлау жүйесінің ауқымы кеңейіп, ғылымды, қоғамды және адамның өзін дұрыс бейнелеу белесіне жетуге мүмкіндік бар. Оның басты бағыты – зерттейтін нысанасы осы заманнан шығып, өткен кезең мен келешекті ақыл-ой елегінен өткізіп, сол арқылы өз бойындағы жаңа типті ойлау мәнерін, өрнегін таразылау, сақтау және жаңарту.

Осы мақсатта мынадай қоғамдық келісім және демократиялық даму, адам және қоғам, нарық және ғылым байланыстары сияқты мәселелер әлі де болса жеткіліксіз. Ерекше бөліп қарайтын мәселе – азаматтық қоғам қалыптасуындағы қазақ идеясының орны. Қазіргі зерттеулерде «Қазақстан – жалпы біздің үйіміз» деген қоғамдық ой негізі орын алуда. Дегенмен бұл идея өткен қоғамдағы ұрандарға ұқсас, негізінен, саяси мәнге ие болып тұрған сияқты.

Ұлттық идея адамдардың ішкі рухани дүниесімен ұштасып жатқанда ғана пәрменді болмақ. Яғни, қазақтың ұлттық идеясы «еркіндік түбі – бірлікте» деген формулаға айналса, ұлтымыздың келешегінің жарқын болғаны. Сонымен қатар қазіргі өркениеттік және ұлттық-рухани құндылықтарға қарай бетбұрыс әлемдегі елу елдің қатарына қосылуға өзіндік себебі бар. Өйткені басқа да ТМД елдеріндегідей, ұлттық идеяны іздеу табиғаттың игілігіне қажетті құбылыс сияқты ауадай қажет деп санаймын. [3,240 б]

Сонау заманнан-ақ, халық ауыз әдебиеті ұлт тағдырына айрықша мән берген. Бәрінің де айтары туған жер, ел бірлігі туралы идеяны әспеттеп, кейінгі ұрпаққа насихаттау, жеткізу еді. Өз заманында ұлы жазушы М.Әуезов: «Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тізгін мақсұты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді... Кемеңгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға киліктік», – деп жазыпты. Қарап отырсаңыз, жазушының айтып-жазып кеткен ой-түйткілдері әлі күнге шейін қазіргі қоғамда да көрініс табуда. Алаш туының астына жиналған ұлт зиялылары жарқын болашақты аңсаумен өтті. Алайда қазір әртүрлі қоғамдық өзгерістер тұсында ұлтымызға тән идеологиямызды асқақтататын саясат болсын, өнер, мәдениет болсын, мықты насихат керек, мемлекет деңгейінде қолқорлық қажет. Бұл өздігінен оп-оңай бола салатын дүние емес. [3, 265 б]

Мәдениеттің дәстүрлі негіздерін қайта жаңғырту әрқашанда жағымды процесс болып табылады. Адам өзін ұғыну үшін өткенге бет бұрады, одан сабақ алады, келешек даму жолын таңдайды.

Еліміздің болашағы жастардың білім – білігіне, талап – тілегіне, арман – мұратына тікелей байланысты. Олар ата – бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға ілгерілетіп қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене елі үшін білім алуға міндетті. Жастар білім жолына түскенде ғана мемлекетті дамытуға үлес қоса алады. Озық заманауи білімдерді игермеген, Отанын жан – тәнімен сүймеген мемлекет жастары болмаған елдің болашағы бұлыңғыр болады.

Әрине ел болам десең бесігіңді түзе демей ме халық даналығы. Болашақтың ірге тасын қалайтын, ата-бабаларымыздан қалған мұра, өсиет, тарихи дәстүрімізді жаңғыртатын, осы жастар және кейінгі ұрпаққа тәлім –тәрбие беретін де жастар. Сондықтан да Ел басының жоғарыда айтылған мәңгілік идеясына халық болып ел болып жас кәріге бөлінбей ат салысуымыз қажет. Міржақып Дулатовтың шығармашылығына сүйенсек; «Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ». Яғни жастарға білім мен қатар тәрбие де керек. Ол әлбетте ұлттық тәрбие [4, 90-91б].

Жиырма бірінші ғасыр – қоғамымыздың түбегейлі рухани жаңғыруының кезеңі болды. Ол көпғасырлық даму жолымызды қаныға біліп, қайтадан сараптау, ол қалдырған асыл қазыналармен қайта қауышу, күні кешегі руханиятымызды сын көзімен байыптап, озығынан үйреніп, тозығынан жирену, әлемдік мәдени дамудың тәжірибесі мен жетістіктерінен тиісті қорытынды шығарып, бүгінгі және ертеңгі дамуымыздың жолдарын дұрыс саралап білу бағытында жемісті жалғасып жатыр деп айтуымызға толық негіз бар.

- Ендеше, рухани құндылықтарды жаңғыру барысында ең алдымен рухани мәдениетімізде жастарды тәрбиелеу жолында қазақ халқының тарихи дәстүрі бойынша ізгілікке, адамгершілікке, отанды сүйуге, интернационализмге және ұлттық қадір-қасиетімізді сақтай білумен қатар дамыту керек.

- Рухани жаңғыру – көп жақты бағыттарда тарихи дамуында қалыптасқан халықтың мәдени құндылығы. Бұл мәдени құндылықты өзекті мәселе ретінде қарастыру қажет, яғни зерттеп оны өңдеп қазіргі мәдениетке қосу керек, ол ерте дүниеге емес қазіргі заманауи уақытқа сәйкес келуі қажет.

- Ұмыт қалған өткенімізді білу-міндет, ұрпақ алдындағы парыз. Еліміздің тәуелсіздігінің тірегі рухани құндылықтарымызға, дәстүрлі мәдениетімізге жақындасуда, онымен етене, рухани деңгейде араласу екендігін естен шығармауымыз қажет. Ұлттық салт-дәстүр дегенде біз халқымыздың өткеніне назар аударып қана қоймай ұлттың бүгінгі болмысына қалай ықпал етуге болады? - деген түйінді мәселені елеусіз қалдырмауымыз қажет. Салт-дәстүр халқымыздың бүгінгі тіршілік әдеті, қарым-қатынас әдебі, өмір сүру тәсілі. Бүгінгі ұрпақтың мүддесін өтей алмаған, оның мақсатына қызмет етпеген салт-дәстүр қазіргі мәдениеттіліктің берік тірегіне айналуы екіталай. Содан кейін жас ұрпаққа тигізер тағылымдылық ықпалы да әлсірейді.

Ұлттың мерейін өсіріп, беделін биіктететін - оның өзіне тән рухани құндылығы. Бұл тұрғыдан қарағанда қазақтың рухани құндылығы ешкімге есе жібермейтін мәнді құндылық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра 2003 ж., б. 22.
2. Қасқабасов С. Ойөріс. – Астана: 2009 ж. – б. 50-64.
3. Қасқабасов С. Алтын Жылға. – Алматы: «Жібек жолы», 2013ж., б. 240-265.
4. Дулатов М. Қазақ зиялылары //Қазақ алманағы, 2010, № 5, Б. 90-91.

УДК 13.09

ЕВГЕНИЙ БРУСИЛОСКИЙ И ЕГО ВКЛАД В КАЗАХСКУЮ МУЗЫКАЛЬНУЮ КУЛЬТУРУ

Полтавец Ксения Андреевна

ksenni_2011@mail.ru

студентка 3го курса специальности «Культурология»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Аязбекова С.Ш.